

ҰЛЫЛАР ҮНДЕСТІГІ

Гүлназ Даутова

ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің магистранты

Қайталанбас ұлы тұлғалар Абай мен Гетенің әдеби байланысы, шығармашылық үндестігі жайында сөз қоғамашымыз. Абайдың өз заманындағы қазақтардан айырмашылығы ой өрісінің кеңдігінде. Оның орыс әдебиеті мен қоғамдық ой өрісі бойынша білімі өте терең болған. Абай саяси қуғынға ұшыраған Е.Михаэлис, С.Грос, Н.Долгополов, Блек, Леонтьевтермен жақын еді. Осы жақындығы орыс және батыс мәдениеті бойынша біраз мәліметтер жиып алуға көп көмегін тигізді. Абай жиырма жыл бойы Михаэлиспен шынайы дос болды. Абайдың Михаэлиспен және Блекпен кездесе жүріп, олармен Гете, Шиллер туралы әңгімелеспеуі мүмкін емес. Демек, Абайдың неміс әдебиеті жөнінде едәуір мағлұматы болды деуге толық негіз бар. Гете мен Абай шығармаларының терең салыстырыла оқытылуы екі ақынның рухани үндестігі, дүниені сезінуі, поэтикалық көзқарастары, ғибраттық-этикалық тақырыптағы ой-пікірлерінің ұқсастығы туралы тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Абай Лермонтов, Пушкин, Крыловтардың кейбір шығармаларын қазақ тілінде сөйлетті. Орыс тіліндегі аудармалары арқылы Гейне, Байрон, Гете шығармаларымен танысып, Гетенің бір қатар поэзиялық шығармаларын орыс тіліндегі аудармалары арқылы қазақ тіліне аударды.

Абай мұрасының маңызды бір қыры – Еуропа мәдениеті мен әдебиетіне қатысы. Бұл құбылыстың мазмұны мен сыры, диалектикасы мен динамикасы бір жағынан, талант, дарын іспетті қасиеттер табиғатының шектелушіліктен тыс, жалпы адамзаттық игілік-жақсылықпен сабақтас, тектес екендігінде болса керек. Сонымен қатар Абайдың туған жерінің, елінің жаратылысының өзі Еуропа мен Азияны, Батыс пен Шығысты жалғастырушы көпір іспеттілігіне байланысты. Қазақ халқының көп ғасырғы рухани ізденістері мен қазынасының жемісі, жиынтығы, әрі жаңа сатыға көтерушісі бола алған Абай – дүниенің осы екі бөлігінің бірсыпыра халықтарының даму тарихына, ақыл-ой жүйесіне, мәдениетіне, әдебиетіне көз тігіп, танып, біліп, өзіндік шығармашылық қатынасты қалыптастырды, қазақ қоғамының қажетіне, рухани өсуіне лайықты жарату ісін де, дәстүрлерін де байытты. Абай мұрасының батыс еуропа әдебиетімен байланыстары әртүрлі тұрғыдан, бірнеше бағытта қарастыруға болады. Еуропада толып жатқан халықтар әдебиеттері ішінен негізінде жалпы әлемдік, адамзатқа ортақ ежелгі грек, рим мұраларының жекелеген нұсқалары, ағылшын, француз, неміс, поляк ақын-жазушыларының туындылары қазақ ақынының шығармашылық жолында жақсы игерілген, олармен үндестіктер, сырластықтар, көркемдік ой ізденістердегі сабақтастықтар тапқан, ал бірқатары қазақша аударылған.

«АБАЙДЫ БІЛМЕК ПАРЫЗ» - 2013

Жоғарғы оқу орындары студенттерінің ғылыми конференциясы

Неміс халқының тағы бір үлкен ақыны әрі ойшылы Иоганн Вольфганг Гете шығармашылығы Ресейде XVIII ғасырдан бастап-ақ зерттеліп, жоғары бағаға ие болған. Гете өлеңдерін орыс тіліне аударуға Ф.И. Тютчев, Н.П. Огарев, М.Ю. Лермонтов, А.А. Фет, И. Анненский, В. Брюсов, Смирнов, Андреев, Ю. Александров, т. б. қатысты. Гете қазынасына қазақ ақыны Абай Құнанбаевтың да қызығуына Лермонтовтың әсері мол болды.

Абай Гетенің бүкіл дүние жүзіне танымал болған, сан-алуан тілдерге аударылған әйгілі «Wanderer's Nachtlied» («Жолаушының түнгі жыры») өлеңін Лермонтовтың орыс тіліндегі аудармасы арқылы аударып шықты. Осы небәрі сегіз жол өлеңнің оқырмандарды, суретшілерді, зерттеушілер мен әдеби сыншыларды өзіне тартатын сиқырлы көркемдік құдіреті бар сияқты.

Гетенің «Жолаушының түнгі жырынан» жасаған Лермонтовтің еркін аудармасына 90 композитор музыка жазыпты. Қазақ үшін тоқсанға татитын сазды да Абай өзі шығарған [1, 69].

Абайдың Гете өлеңіне ән шығаруы – оның сол кездің өзінде немістің ұлы гуманист ақынының лирикасындағы тамаша белгілер мен ғажап әуендеріне терең бойлап, жан қозғалысының үндестігін таба алғандығының айғағы. Гете шығармашылығын зерттеушілердің айтуынша Гете өз өмірінде 1600-ге тарта өлең жазған. Солардың көбі халық өлеңдеріне айналған, дүние жүзінің ең тәуір композиторлары олар үшін музыка шығарған. Осы әлемге ән боп тарап кеткен Гете өлеңдерінің бірін Абай да аударып, өзі ән шығарып, қазақ сахарасына жайып жіберген [4, 88].

Бұл өлең Лермонтов пен Абайды да өзінің көркемдік сиқырымен аударма жасауға шабыттандырды. Бірақ бұл аударма емес, Гете-Лермонтов – Абайдың ой мен сезім үндестігі десек те болады. Лермонтов, керісінше, Гете өлеңін еркіндеу аударып, орыс табиғатына лайық бірнеше тың бейне қосып, ырғақ, буын өлшемін дәл сақтамағанымен, түпнұсқадағы ойға, сарынға, сезімге ешбір нұқсан келтірмей, данышпан неміс ақынының философиялық ой-күйін, түйсік-сезім, дүние танымын айқын бере алған. Абай аудармасы жайында да дәл осыны айтуға болады. Ол Лермонтов тәржімесі арқылы ұлы Гетенің жан сырын тап басып, өлеңді қазақ топырағына бейімдеп, ұлттық әр беріп, жаңа, тың жыр туғыза алған. Абайдың шеберлігі, көрегендігі, сезімталдығы, әсіресе үш өлеңді қатар қойып оқығанда ерекше айқындала түседі.

Түпнұсқа: [Wanderer's Nachtlied]

*Über allen Gipfeln
Ist Ruh,
In allen Wipfeln
Spürest du*

*Kaum einen Hauch;
Die Vögelein schweigen im Walde.
Warte nur, balde
Ruhest du auch.*

М.Лермонтов аудармасы («Из Гете»):

Горные вершины,
Спят во тьме ночной.
Тихие долины,
Полны свежей мысли.
 Не пылит дорога,
 Не дрожат листы.
 Подожди немного,
 Отдохнешь и ты, –

деп келетін тамаша пейзаждық көріністі Абай дәлме-дәл дерлік, шебер аударған.

Абай аудармасы:

Қараңғы түнде тау қалғып,
Ұйқыға кетер балбырап.
Даланы жым-жырт, дел-сал қып,
Түн басады салбырап.
Шаң шығармас жол-дағы,
Сілкіне алмас жапырақ.
Тыншығарсың сен-дағы,
Сабыр қылсаң азырақ.

Гете мен Абай лирикасында сәйкестік көп. Гете мен Абайды туыстыратын қасиет Лермонтовтың аудармасында толық ашылған. Дәлірек айтқанда, Абайдың аудармасы аударма емес, ақындар арасындағы рухани үндестік нәтижесінде жаңа төлтума туынды дүниеге келген десек те болады.

Бір қызығы, мамандардың айтуынша, Лермонтов Гете өлеңін өз көңіл күйіне әуендестіріп, сәл өзгертіп еркіндеу аударған сияқты. Содан ба әлде өнер жарыстыру мақсатымен бе, әйтеуір, орыстың тағы бір жазушысы В.Брюсов те бұл өлеңге аянбай тер төккен.

В. Брюсов аудармасы:

На всех вершинах
Покой,
В листве, в долинах
Ни одной
Не дрогнет черты;
Птицы спят в молчании бора.
Подожди только: скоро
Уснешь и ты.

Бұл, аударма, неміс тілін білетіндердің айтуынша, рифма, өлшем, рухы жағынан түпнұсқадан айнымайды екен. Сөйтсе де Лерментов аудармасы жұрт құлағына сіңіп, оқырман қауымға кең тарап, етене жақын болып кеткендіктен, елеусіз қалып қойған.

Гетенің сегіз жолдық кішкентай шедеврінде: «бар табиғат күллі әлем сыйып тұр», – деп жазады. Гете шығармашылығының әйгілі білгірі А.Аникст айтқан пікірде үлкен шындық бар [1,76]. Ақындар үндестігі туралы профессор Ә. Тарақов өзінің «Гете – Лерментов – Абай: ой мен сезім үндестігі» атты мақаласында үйлесімдікті табиғи заңдылық дей келе, американың ұлы ақыны У. Уитменнің «Ты отдохнешь в могильной тишине», б.д.д. 340-278 жылдары өмір сүрген Қытай классигі Цюй Юанның «Горному духу» өлеңдерін мысал ретінде салыстырып қарастырады [2]. Ә. Тарақовтың мақаласынан біз ақындардың жалғыздықты, жанын мазалаған уайымын тек табиғат арқылы беретіндігіне көз жеткізіп қана қоймай, әр дәуірдегі ақындар арасындағы үндестікті байқаймыз.

Гете «Жолаушының түнгі жырын» солардың үлгісінде жазып, сол ұлы ақындардың дәстүрін жалғастырды, өзіндік соны бояу, жаңа реңк енгізді. Өлеңнің философиялық түйіні соңғы екі жолында ашылады: «Тыншығарсың сен-дағы, сабыр қылсаң азырақ». Бұл жолдар Гетеді де, Лермонтовта да, Абайда да дәлме-дәл, сөзбе-сөз өрілген. Гетеді «Жолаушының түнгі жыры» еркін жазылған, буын саны, ұйқасуы да әр алуан.

Негізінен алғанда, Гете де Лермонтов пен Абайда тұтасымен – жалпы тыныштық күйі, тыным рухы интонация, ырғақ, әуез құбылысымен ғана емес, шу, дабыр, дыбыс мағынасы жоқ, үнсіз сөздермен де түнгі тыныштық дүниесі «дыбыссыз» бейнелермен берілген», жүрек бір екендігін пайымдай келе, белгілі сыншы, ғалым Тұрсынжан Шапаев «Шын жүрек, бір жүрек» зерттеуінде Лермонтовтың түні мен тыныштығы бояуы әбден кепкен көрініс екенін айтады. Бұл қалай таным? Күнделікті тәтті ұйқы ма, жоқ біржола тыншығу ма? Таң атқанша ма, мәңгілік пе? Деген ой туындайды. Лермонтовтағы «отдохнешь» пен Абайдағы «тыншығарсыңыңда» бейнелі бір терең трагизм жатқандай болатынын көрсетеді.

Аудармашы Г. Бельгер «Ода переводу» зерттеуінің бір тарауын осы ақындар үндестігіне арнаған. Гете мен Абайдың дүниетанымы әр түрлі болғанына, Гете қайтыс болғанда, Абай әлі туылмағанына қарамай, әлдебір туыстық, әлдебір үндестік сезіледі. Мезгілдіктің арасы осындай! Лингвистикалық талдау Бельгердың қаламынан тууы заңды, үш тілді ана сүтіндей еміп өскен полиглоттық бар қанында, бір өзі неміс-орыс-қазақ! Үш мәдениеттің өкілі.

«Гете Эккерманмен әңгімелескенде бұл өлең туралы былай деген: дерексіз нәрсені жырлау маған тән үлгі емес. Ол шабыты шалқып, жүрегі толқып, осы бір тылсым әсерлерін қағазға түсіре білген. Ақын өзінің көркем әсерін өзге жұртпен бөлісуді аңсаған» - деп жазады Г. Бельгер. [3,12].

Ол Лермонтов пен Абайды Гетені көзсіз қайталаушы, даяр үлгіні малданушы емес, теңдес ақындар ретінде қарастырады. Поэзияда аудармашы ақынға бәсекелес, лайықты бақталас, күндес деп өзара жарыстырып қоятын шалағай ұғымдар бұл арада шет. Г. Бельгердың айтуынша, Лермонтовта нақты дәлдік жоқ. Ол Гетеден тақырып, идея, өлеңнің мәнін ғана алады да, өзінше береді. Ол сөздерді емес, стильді, екпінді, өлеңнің сазын аударды, соның үшін шынайы орыс рухына сай жыр туды. Дәлдік тұрғыда айтсақ өлеңнің ең соңғы екі жолы түпнұсқаға дөп: «Подожди немного, / Отдохнешь и ты». Лермонтов нақты. Орыс тілінің жаратылысына дәлдік тән. Абай еркін көсілгенмен соңғы шумақты бұлжытпай аударып білгенін зерттеуші дұрыс айтады.

Қазіргі әдебиеттану ғылымында Абай шығармалары мен неміс әдебиетінің өзара қатынасы аз зерттелген. Неміс әдебиетінің Абай шығармашылығына қандай дәрежеде әсер еткені, олардың өзара ұқсастық шамасы айқындалған жоқ. Ақындарды зерттеуіне келсек, әрине тең дәрежеде емес. Әлі күнге дейін Абай шетел оқырмандарына – миф, ұлттық тілдің тұтқыны. Ең болмағанда Абайдың бірнеше шығармалары өз дәрежесінде орыс, ағылшын, француз, неміс тілдерінде аударылған болса, Абай сөзсіз Еуропа мен бүкіл әлемнің ұлы поэзия өкілі болатын еді.

«Гете-Абай» тақырыбын зерттеу жолы ұзақ және тиянақты: әдеби деректерді жай салыстырудан бастап, жасырын ұқсастықтарды, үндестіктер мен аналогтарды, идея мен ойды, шығармашылық сезімдер мен тарихи-мәдени тұжырымдарды зерттеу үлкен ізденістерді талап ететін қиындығы көп, ауыр еңбек болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

1 Шапай Т. Шын жүрек-бір жүрек: эссе. Әдеби сын. Зерттеу. – Алматы, 1999.

2 <http://abai-inst.kz/>

3 Бельгер Г. Ода переводу. Литературно-критические статьи, исследования, эссе о проблемах художественного перевода. – Алматы, 2005. <http://abai-inst.kz/?p=1319#more-1319>

4 Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы. <http://abai-inst.kz/?cat=7>

